

## Ерейментау ауданы Новодолинка селолық округінің Новодолинка селосының көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы Новодолинка селолық округі әкімінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы № 5 шешімі. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 5 қаңтарда № 1-9-137 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, тұрғындардың пікірлерін есепке ала отырып, Новодолинка селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Новодолинка селолық округінің көшелерінің атаулары өзгертілсін:  
Парковая көшесі Дінмухамед Қонаев атындағы көшесіне;  
Интернациональная көшесі Бейбітшілік көшесіне;  
Юбилейная көшесі Бөгенбай батыр атындағы көшесіне;  
Школьная көшесі Ыбрай Алтынсарин атындағы көшесіне;  
Зеленая көшесі Сәкен Сейфулин атындағы көшесіне;  
Гагарин көшесі Тоқтар Әубакіров атындағы көшесіне;  
Карла Маркса көшесі Абылайхан атындағы көшесіне;  
Ленин көшесі Қажымұқан атындағы көшесіне;  
Энгельс көшесі Тәуелсіздік көшесіне;  
Тельман көшесі Шоқан Уәлиханов атындағы көшесіне;
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауға өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ерейментау ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Новодолинка селолық округінің әкімі* Г.Ж.Күдебаев

**КЕЛІСІЛДІ:**

*«Ерейментау ауданының сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* Н.К.Батенов

*«Ерейментау ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы* М.Б.Адрешев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК